

"Шымкент қаласының кейбір білім беру ұйымдарына жеке адамдардың есімдерін беру және қайта атау туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 93 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 23 қаңтардағы № 378 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 3-тармағына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шымкент қаласының кейбір білім беру ұйымдарына жеке адамдардың есімдерін беру және қайта атау туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 93 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шымкент қаласы білім басқармасының "№ 28 жалпы орта білім беретін мектебі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Фариза Оңғарсынованың есімі;"

2. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына электрондық цифрлық қолтаңбасымен қауландырылған қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ. Сыздықбеков